

«Асқар тау» әкелер клубының № 1 отырысының хаттамасы

26.10.2023жыл

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Әкелер клубының жұмыс ережесімен таныстыру, жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Әкелер клубының құрамын бекітіп, төрайымын тағайындау
3. «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбы бойынша баяндама, сұрақ-жауап, жаттығулар
4. Әр түрлі

Бірінші сұрақ бойынша басшының тәрбие жұмысы орынбасары Кененбаева З.К. тыңдалды. Ол жиналған әкелер қауымын жалпы «Асқар тау» әкелер клубының жұмыс ережесімен, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Клубтың ең басты мақсаты мен міндеті – «Әкелер клубы» жалпы патриотизмді, толеранттылықты және этносаралық келісімді, ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайту және сақтауға өзіндік үлесін қосу.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, «Даналық мектебі» жобасымен бірлесіп, мектебімізге биыл «Асқар тау» әкелер клубы құрылды. Әкелер клубы бүгінде бала тәрбиесіне аса мән беріп, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында жүйелі жұмыс жасап керек.

Екінші сұрақ бойынша басшының тәрбие жұмысы орынбасары Кененбаева З.К. тыңдалды. 1-11 сыныптардың ата-аналар қауымынан әр сыныптан 1 әке клубқа өз еркімен енгізілді. Сынып жетекшілер ТЖ орынбасарымен жіберілген гугл сілтемесіне әкелер тізімін жазып, тіркеді. Мектеп басшысы тізімді бекітті. Жалпы мектеп ата-аналары қоғамынан әкелер клубына 19 әке тіркелді. Жиналған отырыста әкелер клубының төрағасы болып Жунусов Арыстан Мухитденович тағайындалды. Хатшысы Ховсамет Нұрғайып бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша әкелермен түрлі жағдаяттық сұрақтар талқыланып, берілген тақырыпта: «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» ой толғау қозғалды. Әкелер өз ойларын анық жеткізіп, баланың отбасында көшеде және мектепте қалыптасуына қандай факторлар әсер ететінің постер құрып жазып, безендіріп, қорғай алды.

Клубтың отырыстары тоқсан ішінде 1 реттен кем болмауы керек. Бірақ кез-келген жоспардан тыс іс-шаралар бойынша да клубтың жиналуы әбден мүмкін.

Шешімі:

1. Әкелер қауымына таныстырылған жоспар мектеп басшысымен бекітілсін. Әкелер әр отырыстарға белсене қатыссын.
2. Әкелер клубының тізімі бойынша тіркелген әр әке мектептің қоғамдық, мәдени өміріне белсене қатыссын.

Басшының ТЖ орынбасары
Әкелер клубының хатшысы



З. Кененбаева
Н. Ховсамет